

## Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнын тәуелсіз сараптауды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 сәуір N 453

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнын айқындау және импортталатын тауарлардың кедендік құнын тәуелсіз сараптау жүйесін Қазақстан Республикасының аумағына енгізу жөніндегі процесті жетілдіру мақсатына Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) импортталатын тауарлардың кедендік құнын тәуелсіз сараптауды жүргізетін тәуелсіз сарапшы талдау жөніне тендер өткізсін;

2) тендердің жеңімпазымен Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнын тәуелсіз сараптау туралы шарт жасассын;

3) Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнын тәуелсіз сараптау ережесінің жобасын әзірлесін және үкіметке енгізсін;

4) 2002-2003 жылдарға арналған бюджеттік өтінімді қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасында тауарлардың кедендік құнын тәуелсіз сараптау жүйесін енгізуге байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаны 2002 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасына енгізу үшін қажетті есептемелер мен

негіздемелер берсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК